



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

айқын элементтерді пайдалану орынды болып саналады. Көлемінің шектеулілігіне байланысты веб мәтіннің материалы ақпаратқа бай болуы тиіс. Конспектiлеуге келмейтiн мәтiн – жақсы мәтiн. Ал жақсы мәтiнде басы артық сөз болмайды.

Қорытындылай келе, қазiргi уақытта интернет журналистиканың дамуы әлi де жалғасуда. Болашақта оның пiшiнi мен жұмыс iстеу форматы кеңейiп, ақпарат жеткiзу жылдамдығы мен сапасы күннен-күнге жақсаратын болады деген ойдамын.

Бұрындары көпшiлiк ақпарат алуда дәстүрлi БАҚ-қа жүгiнсе, бүгiнде бiрiншi кезекте интернет көздерiнен алады. Бұл дегенiмiз, интернет журналистиканың келешекте БАҚ саласында жетекшi орын алуы ықтимал.

#### **Қолданылған әдебиеттер тiзiмi**

1. Барманкулов М. Телевидение: деньги или власть. – Алматы – 1997. – 7–бет.
2. Реддик Д., Кинг Э. Журналистика в стиле онлайн. – Москва. – 1999. - 57-58-бб.
3. Интернет журналистика [kk.wikipedia.org](http://kk.wikipedia.org) //
4. Дәурен Қуат, Abai.kz ақпараттық порталының бас редакторы. [Электрондық ресурс]. – Кiру тәртiбi: [www.aktobegazeti.kz](http://www.aktobegazeti.kz) //
5. Шавқат Сабыров, Қазақстан Интернет компаниялары қауымдастығының төрағасы [Электрондық ресурс]. – Кiру тәртiбi: <http://www.aktobegazeti.kz/>
6. Райхан И. Практика медиа измерений. Аудит. Оценка эффективности PR. – Москва. – 2013. – 432 бет.
7. Соломонова А. Что такое интернет СМИ? – Москва. –2011. – 30-бет.
8. Горный Е. Интернет для журналистов. –Русский журнал. – 2012. – 20- қараша. 55-бет.
9. Есенгүл Кәпқызы. Интернет-журналистика: ертеңi мен бүгiнi [www.minber.kz](http://www.minber.kz)
10. Тасболат К., Оразов А. Қазақ интернетi-энтузиастардың қолында. – Айқын. – 2010. – 26 қараша.

УДК.31-316

#### **БАҚ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ БӘСЕКЕЛЕС ПЕ ?**

**Жұматаев Еркін Байгабылович**

*[Zhumataev\\_eb@mail.ru](mailto:Zhumataev_eb@mail.ru)*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

журналистика мамандығының магистранты

Ғылыми жетекішісі – Н.О. Омашев

Әлемдік ғалым-сарапшылардың пікірінше, қазіргі жахандық заманда журналистиканың ақпараттық функциясы негізгі маңыз атқаруда. Бұл тұжырыммен келіспеуге болмайды. Өйткені басты тұтынушы жер жахан тұрғындары үшін дүниежүзінің әр түкпірінде болып жатқан саяси, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, қоғамдық, ғылыми, мәдени, жарнамалық, спорттық, қылмыстық, ауа-райы туралы ақпараттар күнделікті қажеттілікке айналды. Әлемнің кез-келген нүктесінде болған жақсылы-жаманды жаңалық орын алған сәтте-ақ планетамыздың негізгі орталықтарына ілезде тарап үлгереді. Бұрындары газет-журнал, радио, телевизия, ақпарат агенттіктері арқылы жария болса, бүгінде ғаламтордың жедел ақпарат жеткізу мүмкіндіктері косылды. Зерттеуші Э. Тоффлердің «Компьютерлік технологиялар мен ақпараттық жүйелер жаңа заманның символдары, олар зауыт -фабрикаларды әкелген индустриалдық қоғамды алмастыратын болады» [1.с.34] деген пікірі дәл болып шықты. Бұған дейін әлемнің бір елінде болған саяси, қоғамдық төтенше оқиғаны жасырып, кең таратпауға тосқауыл жасалатын. Бұл күндері ғаламтор мұндай тосқауыл әрекеттерінің быт-шытын шығарды. Болған оқиғаны ресми ақпарат құралдары жариялағанша, әлеуметтік желілер ақпаратты да таратып, түсірілімді де көрсетіп, керек

десеңіз әртүрлі деңгейдегі сараптамасын да жасап тастайтын деңгейге жетті. Сондықтан ақпаратты жасырып қалу деген ұғым жойылып барады. Қазір БАҚ-нан гөрі ғаламтордағы әлеуметтік желілер ақпаратты тез тарататын болды. Бүгінде түрлі телекоммуникациялық, байланыстық мобильді жедел тарату құрал-жабдықтарының жетілуі мен қол жетімділігінің нәтижесінде болып жатқан оқиғаны нақты куәгер, яғни сол жерде тұрған кез-келген адам әп-сәтте жариялай алады. Белгілі зерттеуші Д.Нәсбиттің атап өтуінше, «Ғаламтордағы әлеуметтік желілер әр азаматтың өз үкіметінің қаншалықты тиімді жұмыс істеп жатқанын белсенді және нәтижелі қадағалауына мүмкіндік беріп отыр.» [2.с.15] Халықаралық және еліміздің сарапшылары жүргізген әлеуметтік зерттеулер бойынша, бұрынғы көрермен мен оқырманның орынын ғаламтор тұтынушысы алмастыра бастады. Сол тұтынушы жаппай орын алған оқиға туралы ақпаратты БАҚ-тан емес, тез тарататын болған соң, ғаламтордағы әлеуметтік желіден көруге көшті. Бұл БАҚ үшін жаңа бәсекелестіктің дабылы қағылғанын көрсетеді. Зерттеуші С.Браславецтің ойынша, тіпті « Қазір әлеуметтік желіні БАҚ-тың жаңа түріне қосамыз ба деген пікірталас қызу жүріп жатыр.» [3.с.125]

Сонымен ақпарат саласының алдында заман ағымына сай қандай жаңа талаптар мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру міндеттері пайда болды. Енді осы сауалдарға жауап іздеп көрсек. Біріншіден, жедел ақпарат тарату бәсекесіндегі ғаламтордың жылдамдығынан қалыспау. Ол үшін БАҚ саласын үйлестіретін әкімшілік-басқарушылық жүйе , оқиғаға қатысы бар мекемемен бірлесіп таратылатын шұғыл ақпараттарға байланысты тез шешім қабылдап, ақпарат құралдарын мобильді үйлесімді кәсіби әрекетке жедел бағыттай білуі тиіс. Мәселен, бізде кейбір шұғыл ақпараттарды БАҚ, әсіресе мемлекеттік БАҚ тексеріп саралауға ұзақ уақыт жіберіп алады да, кеш жариялайды. Ал әлеуметтік желілерден сол оқиғаға байланысты түрлі ақпараттар тарап үлгереді. Екі ортада ресми БАҚ-тан ақпарат келгенше, халық арасында алаңдаушылық пайда болады. Ақпараттық дүрлігіс қалыптасады. Мұндай сәтті ел ішіндегі түрлі саяси-әлеуметтік топтар дүрбелеңге айналдырып, мемлекеттің қауіпсіздігіне, елдің тыныштығына да қауіп төндіруі ықтимал. Ресейлік зерттеуші В. Тоискиннің « виртуальды қоғамдастық нақты өмірге енді, ол- әлеуметтік топтарға жүйелі ықпал ете алады» [4.с.25] деген пікірі де орынды. Мәселен, Алматыда орын алған аудандық ішкі істер басқармасына жасалған шабуыл кезінде ақпараттық дүрбелең қалыптасты. Әлеуметтік желілерде Алматыда бір топ лаңкестер көшеде кетіп бара жатқан адамдарды атып, қырып жатыр екен деген ақпарат пен жеке адамдардың лаңкестік оқиғаны түсірген видеосы тез тарап үлгерді. Бұған қоса әлеуметтік желілерден Алматы тұрғындары сақ болыңыздар, көшеге шықпаңыздар , лаңкестік оқиғалар болып жатыр деген хабарламалар тез тарады. Астана мен еліміздің басқа өңірлерінің тұрғындары Алматыдағы туыстарына, таныстарына алаңдап, дүрлігісе бастады. Сол сәтте бәріміз ресми телеарналар мен радиоларды қосып, газеттер мен ақпараттық сайттарды ақтарып, ресми мекемелердің түсініктемесін көруге, тыңдауға асықтық. Өкінішке қарай, күндізгі 10-11 аралығында болған оқиға туралы ақпаратпен ІІМ-нің ресми түсініктемесін түстен кейін ғана телеарналар мен ақпарат агенттіктері тарата бастады. Телеарналардың кешігу себебін профилактикалық шарадан деп түсініктеме берілді. Алайда, телеарналардың эфирге шықпаса да, өздерінің ғаламтордағы сайттары арқылы ресми ақпарат пен түсініктемені жедел берулеріне мүмкіндіктері болды. Бірақ ол мүмкіндікті тиімді пайдалана алмады. Ресми мекемелерде жедел түсініктеме бере алмай кешікті. Олардан түсініктеме ала алмаған соң, ақпарат агенттіктері де, радиоларда тез ақпар бере алмады. Осының барлығы ақпараттық дүрбелең туғызды. Бұл оқиға жаңадан құрылған ақпарат министрлігіне де , ІІМ-не де үлкен сабақ болды. Бұдан кейін ақпарат министрлігі барлық министрліктерден кез-келген оқиғаға байланысты жедел түсініктеме беруді талап ете бастады. Әлеуметтік желілерде министрліктердің беттері де ашылды, министрлердің парақшалары пайда болды.

Екіншіден, ақпарат құралдары кез-келген төтенше оқиғаға байланысты жылдам әрекет ету тетіктерін алдын-ала жасақтауды қолға алуы қажет. Жедел түсірілім жасайтын тәулік бойы кезекшілік ететін мобильді топтар әрдайым сақадай-сай болулары керек. Барлық ақпарат редакциялары осы топты тікелей эфирде жедел хабар тарататын

телекоммуникациялық мүмкіндіктермен қамтамасыз етулері тиіс. Қазір барлық республикалық арналарда шағын жылжымалы телестудиялар бар, сол техниканы анда-санда емес күнделікті басты оқиғаға байланысты (тек төтенше ғана емес, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, спорттық оқиғалар) пайдалануды, тікелей қосылымдар жасауды қарапайым үрдіске айналдыру керек, бұл біз ойлап тапқан жаңалық емес, барлық әлемдік жетекші арналардың жаңалықтар қызметінде қалыптасқан жұмыс. Телеарналардағы техникалық профилактикалық шараны жедел тоқтату жолдары алдын-ала қарастырылуы керек. Мұндай жағдайда барлық телеарналардың сайттары жедел жұмыс істеу режиміне көшуі тиіс. Оларда әлеуметтік желілер сияқты сол сәтте ақпарат тарата алады, сол мүмкіндікті дөп пайдалану керек. Сонда ақпарат тарату жағынан телеарналар әлеуметтік желілерден еш қалыспайтын болады. Тағы бір назарда ұстайтын жайт, барлық БАҚ жедел және эксклюзивті дайындалған материалы болса, әлеуметтік желіні пайдаланып, бір оқпен екі қоян атып, беттері арқылы сайттарының жүктемесін көрсетіп жариялым жасауға толыққанды мүмкіндігі бар. Қазір кез-келген адам әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы видео мен мәтінді жедел жариялай алады және тікелей эфирге де шығатын болды. Бұл арада БАҚ журналистері тек сапа мен кәсібилік және жеделділік арқылы әлеуметтік желідегі қарапайым адамнан оза алады.

Үшіншіден, барлық министрліктер мен мемлекеттік мекемелер БАҚ-на болған кез-келген оқиғаға байланысты жедел ақпарат пен түсініктеме беруді негізгі міндеттеріне айналдыруы қажет. Бұл өркениетті елдердің барлығында қалыптасқан талап. Халыққа, азаматқа, қарапайым салық төлеушілерге қызмет ететін мемлекеттік мекемелер ел алдында жедел түсініктеме жасап, орын алған ахуал төңірегіндегі түрлі алаңдаушылықты болдырмаудың алдын-алу керек. Сондықтан министрліктер мен ведомстволар БАҚ және қоғаммен ашық қатынас орнатуға, жедел ақпарат алмасуға, түсініктеме беруге, елдің кез-келген азаматымен ғаламтордағы сайттары арқылы сұрақ-жауап тәсілімен тікелей байланыс жасауға көшулері керек. Бұл ашық қоғам жүйесі атқарушы үкіметке де, халыққа да тиімді, екі арада пайда болған түйткілді жедел шешуге де септігін тигізеді. Мәселен, еліміздің кейбір өңірлерінде жер мәселесіне қатысты заңға өзгерістер енгізуге байланысты тұрғындар митингіге шығып, өз талаптарын жария еткені белгілі. Осы оқиға кезінде сол қалалар мен өңірлердің басшылықтары халықтың алдына шығып, талаптарды тыңдап, оны заң шығарушы органға жеткізетіндерін айтқаннан кейін, митингілер бейбіт түрде таркады. Халықтың пікірі парламентке, үкіметке, мемлекет басшысына жеткен соң, заңдағы дау тудырған өзгеріс кері қайтарылды. Сол уақытта әлеуметтік желілер арқылы ел тұрғындары болып жатқан оқиға туралы жедел ақпарат алып, видеотүсірілімдерді көріп отырды. Өкінішке қарай тағы да ресми телеарналар мен газеттер, сайттар ресми түсініктемелерді жылдам бере алмады. Ол жолы жергілікті биліктің халық алдына бірден шығып түсініктеме беруінің нәтижесінде дүрлігудің алды алынды.

Төртіншіден, тележаңалықтардың берілу форматын, ішкі мазмұнын өзгерту қажет. Енді құр ақпарат тарату емес, оны сараптау, талдау жағына мән берілсе көрермендерді әлі де телеэкран алдында ұстауға болады. Мәселен, күннің өзекті 3-4 тақырыбын ғана іріктеп алып, соларды жан-жақты сарапшылармен пікірталас өрбіту арқылы талқыласа, жаңалықтарды халық қайта көре бастайды. Өйткені барлық телеарналардағы негізгі жаңалықтар кешке эфирге шығатыны белгілі. Оған дейін елдегі және шетелдегі жаңалықтардың барлығын ғаламтор арқылы тұтынушы біліп алады. Сондықтан оған жаңалықтарды көру қызықты болмай қалады. Ал егер белгілі бір ақпарат кең талданып, кемшілігі мен жетістігі бүге-шігесіне дейін сараланатын болса, онда сол ерекшелігі үшін мұндай жаңалықтарға қызығушылық пайда болады. Қазір мұндай тәжірибе АҚШ телеарналарында жүзеге асырылған. Кешкі жаңалықтар күннің негізгі тақырыптарын жан-жақты пікірталас өрбітіп, талдап тастайды. Соның арқасында бұл елде тележаңалықтардың рейтингі әлі түсе қойған жоқ.

Бесіншіден, қалыптасқан ақпараттық тілдік стиль мен публицистикалық ерекшеліктері бар БАҚ әлеуметтік желідегі тым қарабайыр және қате өріп жүретін

кемшіліктерден әрдайым жоғары тұруы керек. Әлеуметтік желідегі сияқты қалай болса жаза беруге болады екен деп журналистер өздерінің кәсіби тілдік жазу мәнерлерін төмендетіп алмаулары қажет. Сауатты жазылған мәтіннен-ақ журналистің сапалы қолтаңбасы өзінен-өзі ерекшеленіп, менмұндалап тұруы тиіс. Әзірге тілдік және жазу сауаттылығы жағынан өкінішке қарай әлеуметтік желі көп ақсап тұр.

Қазіргі күндері қоғамның талабына сәйкес, әлеуметтік желілерде өткір талқыланып жатқан түйткілді мәселелерге атқарушы үкіметте бірден назар аударатын болды. Мысалға, азаматтарды уақытша тіркеу мәселесіне байланысты халыққа қызмет көрсету орталықтарында орын алған кезектер туралы әлеуметтік желілер де, ақпарат құралдары да жаппай көтеріп еді, үкімет мәжілісінде дереу қаралып, арнайы министрліктерден жіберген кемшіліктерді тез жөндеу талап етілді. Соңғы жылдары әлеуметтік желілердің тікелей ықпал етуімен БАҚ халық пен үкімет арасындағы көпір міндетін қайтадан еске түсіре бастады. Әйтпесе, әсіресе ресми БАҚ тек қана жарқын жетістіктер мен мемлекеттік түрлі бағдарламалардың орындалуын жарнамалаудан аса алмай қалып еді. Олардың өз тұтынушысы алдындағы беделі де түсіп кеткені белгілі. Қорытынды түйініміз, әлеуметтік желілер БАҚ-ның заман талабына сай өзгеруіне және бәсекелестік қабілетін арттыруға тікелей әсер етіп жатқаны өмір шындығы.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тоффлер Э. Шок будущего.- М.: АСТ, 2001. С.34.
2. Несбит Д., Эбурдин П. Что нас ждет в 90-х гг.: Мегатенденции. Год 2000. – М., 1992.
3. Браславец, С. А. Социальные сети, как средства массовой информации: к постановке проблемы / С. А. Бра-славец // Вестник ВГУ. Серия: Филология. Журналистика. – 2009. – № 1. – С. 125 – 132.
4. Тоискин, В. С. Классификация социальных сетей Интернет, как элементов социальных структур / В. С. Тои-скин, В. В. Красильников.

УДК.Ж.070.41

### «FACEBOOK» ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНДЕГІ ЕЛДІК МӘСЕЛЕЛЕР КӨРІНІСІ

**Жуматаева Перизат Ерғанатқызы**

*zhumataeva.p@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ журналистика мамандығының

1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Б.Тоқтағазин

Интернеттегі "Фейсбук" желісінің танымалдылығы жыл өткен сайын арта түсуде. Бұл ашық ой-пікірлер білдірудің еркін аймағы болғандықтан оған тіркелгендер ешбір тақырыптық шектеусіз өз ойларын бүкпесіз білдіруде. Қоғамдық пікір қалыптастырудың бір алаңшасына айналған интернет-ресурста өміріміздің небір өзекті мәселелері ашық әрі қызу талқылануда. Бұл дегеніміз қоғамдық ой-пірді алаңсыз айтудың, демократияның көрінісі.

Дегенмен көкейдегі ойды қалай болса солай ақтара бермеген жөн деп ойлаймын. Себебі әрбір жазылған ой-пікірді мыңдаған адамдар оқиды, бағасын беріп жатады. Шынында "Фейсбуктен" небір посттарды кездестіруге болады. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, деңгейі бар. Сөзімді нақты мысалдармен одан әрі өрбітпекпін.

Жалпы бұл желінің бір ерекшелігі мұнда зиялы қауым өкілдері көп тіркелген. Пікірлерін төгіп тастайды. Мысалы белгілі тележурналист Еркін Байғабылұлы латын әліпбиіне орай мынадай пост жазыпты: "Латын әліпбиіне көшудің бір жақсы, бір жаман жағы бар екенін ұқтым. Жаман жағы енді осыған дейін кириллицада жүргенде мемлекеттік тілді үйренбеген қазақтар мен басқа ұлт өкілдерінен мүлдем үміт үзетін сияқтымыз. Жақсы жағы